

"Мәскеу – Санкт-Петербург жоғары жылдамдықты теміржол магистралінің (ЖЖТМ-1) құрылысына арналған бағыттамалы өнімдер шығару үшін "МСЗ" АҚ-да өндірістік қуатты құру және жүк тасымалдылығы көп магистральдар үшін бағыттамалы өнімдерді шығаруды арттыру" кооперациялық жобасы және қаржы ұйымына субсидия беру туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2025 жылғы 22 қаңтардағы № 6 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 92-бабының 4-тармағының 5-тармақшасына және 9-тармағының 1-тармақшасына және Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2023 жылғы 26 қазандағы № 3 шешімімен бекітілген Өнеркәсіп салаларында бірлескен кооперациялық жобаларды іріктеу және оларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің іске асыруы кезінде қаржылық жәрдем көрсету туралы ережеге (бұдан әрі – Ереже) сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі **шешті**:

1. Ереженің II бөлімінде көзделген кооперациялық жобаларды іріктеу критерийлеріне сәйкес деп тани отырып, "Мәскеу – Санкт-Петербург жоғары жылдамдықты теміржол магистралінің (ЖЖТМ-1) құрылысына арналған бағыттамалы өнімдер шығару үшін "МСЗ" АҚ-да өндірістік қуатты құру және жүк тасымалдылығы көп магистральдар үшін бағыттамалы өнімдерді шығаруды арттыру" кооперациялық жобасы (бұдан әрі – кооперациялық жоба) кооперациялық жоба паспортына сәйкес мақұлдансын.

2. Еуразиялық экономикалық одақ бюджетінен "Совкомбанк" жария акционерлік қоғамына кооперациялық жобаны іске асыруға берілген кредит бойынша толық алмаған кірістерді өтеуге субсидия беру туралы келісімнің жобасы (қоса беріледі) мақұлдансын және осы Шешім қабылданған күндегі жағдай бойынша Ресей Федерациясы Орталық банкінің 21 пайыз мөлшеріндегі негізгі мөлшерлемені ескере отырып, субсидия мөлшері – 777 027 577,69 Ресей рублі деп анықталсын.

3. Еуразиялық экономикалық комиссия осы Шешімнің 2-тармағына сәйкес келісім жасасын және ақшалай қаражаттың мынадай шекті көлемін ескере отырып субсидия беруді қамтамасыз етсін:

- 2025 жылы – 70 208 087,18 Ресей рублі;
- 2026 жылы – 239 773 477,81 Ресей рублі;
- 2027 жылы – 254 910 973,45 Ресей рублі;
- 2028 жылы – 157 141 909,84 Ресей рублі;
- 2029 жылы – 54 993 129,41 Ресей рублі.

4. Осы Шешім ол ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республикасынан	Ресей Федерациясынан
М. Григорян	И. Петришенко	С. Жұманғарин	Д. Амангельдиев	А. Оверчук

Жоба

Еуразиялық экономикалық одақ бюджетінен "Совкомбанк" жария акционерлік қоғамына кооперациялық жобаны іске асыруға берілген кредит бойынша толық алмаған кірістерді өтеуге субсидия беру туралы КЕЛІСІМ

№ _____

қ. _____ 20 ж. " ____ " _____

Бұдан әрі "Комиссия" деп аталатын Еуразиялық экономикалық комиссия 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа сәйкес Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің "Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының Төрағасы туралы" 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 13 шешімі негізінде әрекет ететін Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының Төрағасы тұлғасында және бұдан әрі "Қаржы ұйымы" деп аталатын (жарғы немесе сенімхат) негізінде әрекет ететін "Совкомбанк" Жария акционерлік қоғамы, бұдан әрі "Тараптар" деп аталады, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 10 қазандағы № 78 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың бюджеті туралы ережеге, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіп салаларындағы бірлескен кооперациялық жобаларды іске асыруы кезінде оларға қаржылық көмек көрсету туралы" 2023 жылғы 25 мамырдағы № 4 шешіміне, Еуразиялық үкіметаралық кеңестің "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіп салаларындағы бірлескен кооперациялық жобаларды іске асыруы кезінде оларға қаржылық көмек көрсету туралы ережені бекіту туралы" (бұдан әрі – Ереже) 2023 жылғы 26 қазандағы № 3 шешіміне және Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Мәскеу – Санкт-Петербург жоғары жылдамдықты теміржол магистралінің (ЖЖТМ-1) құрылысына арналған бағыттамаы өнімдер шығару үшін "МСЗ" АҚ-да өндірістік қуатты құру және жүк тасымалдылығы көп магистральдар үшін бағыттамаы өнімдерді шығаруды арттыру" кооперациялық жобасы туралы" 20 ж. " ____ " _____ № _____ шешіміне (бұдан әрі – Комиссия Кеңесінің жобаны мақұлдау туралы шешімі) сәйкес төмендегілер туралы осы келісімді (бұдан әрі – Келісім) жасады.

I. Келісімнің мәні

1.1. Осы Келісімнің мәні Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) бюджетінен Қаржы ұйымына Одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіп салаларындаға бірлескен кооперациялық жобаларды іске асыруы кезінде қаржылық көмек көрсету мақсатында кредит шарты бойынша қарыз алушыға (кредит алушыға) берілген кредиттер (қарыздар) бойынша Қаржы ұйымы алмаған кірістерді өтеу арқылы субсидия (бұдан әрі – Субсидия) беру болып табылады.

1.2. Субсидия Қаржы ұйымына Комиссия Кеңесінің жобаны мақұлдау туралы шешімімен белгіленген негізгі шарттар ескеріле отырып іске асырылатын "Мәскеу – Санкт-Петербург жоғары жылдамдықты теміржол магистралінің (ЖЖТМ-1) құрылысына арналған бағыттамаы өнімдер шығару үшін "МСЗ" АҚ-да өндірістік қуатты құру және жүк тасымалдылығы көп магистральдар үшін бағыттамаы өнімдерді шығаруды арттыру" кооперациялық жобасын (бұдан әрі – Кооперациялық жоба) іске асыруға қарыз алушыға (кредит алушыға) жеңілдетілген пайыздық мөлшерлеме бойынша кредит беру салдарынан туындаған алынбаған кірістерді өтеуге беріледі.

1.3. Кооперациялық жобаны іске асыру мерзімі 2025 жылдан бастап 2029 жылға дейін.

II. Субсидия беруді қаржылық қамтамасыз ету

2.1. Субсидия мөлшері 777 027 577 (жеті жүз жетпіс жеті миллион жиырма жеті мың бес жүз жетпіс жеті) рубль 69 тиынды, оның ішінде:

2025 жылға: 70 208 087 (жетпіс миллион екі жүз сегіз мың сексен жеті) рубль 18 тиын;

2026 жылға: 239 773 477 (екі жүз отыз тоғыз миллион жеті жүз жетпіс үш мың төрт жүз жетпіс жеті) рубль 81 тиын;

2027 жылға: 254 910 973 (екі жүз елу төрт миллион тоғыз жүз он мың тоғыз жүз жетпіс үш) рубль 45 тиын;

2028 жылға: 157 141 909 (бір жүз елу жеті миллион бір жүз қырық бір мың тоғыз жүз тоғыз) рубль 84 тиын;

2029 жылға: 54 993 129 (елу төрт миллион тоғыз жүз тоқсан үшін мың бір жүз жиырма тоғыз) рубль 41 тиынды құрайды.

Осы Келісімді қаржыландыру Одақ бюджеті шығыстарын сыныптаудың 10103050 коды бойынша Комиссияның бюджеттік жазбасында көзделген қаражат шектерінде жүзеге асырылады.

2.2. Келісімді 2025 – 2029 жылдары қаржыландыру Комиссияның 2025 – 2029 жылдарға арналған Одақ бюджетінде тиісті қаржы қаражатын бөлген жағдайда жүзеге асырылатын болады.

Комиссияның Келісімді қаржыландыру үшін қаржы қаражатын бөлмеуі фактісі туралы Комиссия Қаржы ұйымын хабардар етеді.

III. Субсидияны есептеу тәртібі және беру шарттары

3.1. Субсидия Қаржы ұйымының уәкілетті тұлғасы (Қаржы ұйымының уәкілетті тұлғасының тиісті құжаттарға қол қою құқығын куәландыратын сенімхатты қоса бере отырып) қол қойған, осы Келісімнің 3.2-тармағында және Ереженің 34-тармағында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, Қаржы ұйымының осы Келісімге № 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия беру туралы өтінішті (бұдан әрі – Өтініш) Комиссияға ұсынған кезде алынбаған кірістерді өтеуге беріледі.

Субсидия Қаржы ұйымына Комиссия Кеңесінің жобаны мақұлдау туралы шешімінде белгіленген, бірақ кредит бойынша пайыздық мөлшерлемеден артық емес, Ресей Федерациясы Орталық банкінің 100 пайыз мөлшеріндегі негізгі мөлшерлемесінде беріледі.

Жоба бойынша Субсидия мөлшерін есептеу осы Келісімге № 4 қосымшаға сәйкес Кооперациялық жоба бойынша субсидия мөлшерін есептеу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

3.2. Субсидия беру шарты Қаржы ұйымының Комиссияға Қаржы ұйымының уәкілетті тұлғасы (көрсетілген тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттарды ұсына отырып) қол қойған Қаржы ұйымының қарыз алушының (кредит алушының) кредиттік шарт бойынша қаржылық міндеттемелерді орындауы туралы, Кооперациялық жобаның іске асырылу барысы және кооперациялық жобаның іріктеу критерийлеріне сәйкестігіне қатысты талаптардың сақталуы туралы есептерін (Келісімге № 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша) мынадай мерзімдерде Комиссияға ұсынуы болып табылады:

3.2.1. тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-ші жұмыс күнінен кешіктірмей;

3.2.2. жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей (есепті жылдың басынан бастап өспелі қорытындымен жасалады);

3.2.3. _____ ж. дейінгі мерзімде Кооперациялық жобаны іске асыру туралы қорытынды есеп;

3.3. Мәлімделген кезең үшін Субсидияны аудару:

3.3.1. осы Келісімнің VII бөлімінде көрсетілген Қаржы ұйымының шотына;

3.3.2. осы Келісімге № 1 қосымшаға сәйкес Субсидия төлемдерінің жоспар-кестесінде айқындалған кезеңділікте және Комиссия Кеңесінің жобаны мақұлдау туралы шешімімен мақұлданған ақша қаражатының шекті көлемі ескеріле отырып жүзеге асырылады.

3.3.3. Қаржы ұйымы Ереженің 34-тармағына сәйкес:

- Өтінішті;

- қарыз алушының (кредит алушының) есептелген пайыздарды (осындай пайыздар болған кезде) нақты төлегенін растайтын құжаттарды;

- ЕАЭО мүше мемлекеттерінің уәкілетті мемлекеттік органдары берген және Қаржы ұйымының осы Ереженің 7-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігін (қажетті құжаттарды қоса бере отырып) және қарыз алушының (кредит алушының) осы Ереженің 6-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын анықтамаларды;

- Қаржы ұйымының басшысы қол қойған, кредиттік шарт талаптарының Ереженің 9-тармағында көзделген талаптарға сәйкестігін растайтын өтінішті;

- Қаржы ұйымының қарыз алушының (кредит алушының) қаржы қаражатын Ережеге № 2 қосымшада айқындалған мақсаттар тізбесіне сәйкес пайдаланғанын растайтын анықтамасын;

- Комиссия Кеңесінің жобаны мақұлдау туралы шешімінде белгіленген негізгі мөлшерлемеге және осы Келісімге № 4 қосымшада көрсетілген Кооперациялық жоба бойынша Субсидияны есептеу тәртібіне сәйкес мәлімделген кезең үшін Субсидия мөлшерін есептеуді ұсынған кезде.

3.4. Комиссия Ереженің 35-тармағына сәйкес Өтінішті және қоса берілген құжаттар жиынтығын қарайды, олардағы мәліметтердің толықтығын, рәсімделуінің дұрыстығын және құжаттардың жиынтықтылығын тексереді, мәлімделген кезең үшін субсидия беру туралы немесе субсидия беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы Өтініш алынған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде Қаржы ұйымын хабардар етеді.

Комиссияға тиісінше рәсімделмеген немесе толық көлемде емес Өтініш және/немесе құжаттар жиынтығы келіп түскен жағдайда Комиссия мәлімделген кезең үшін субсидия беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды және ұсынылған құжаттарды пысықтау және Комиссияға қайта жіберу мақсатында көрсетілген құжаттарды Қаржы ұйымына кері қайтарады.

Егер қарау нәтижелері бойынша Өтініш және оған қоса берілетін құжаттар тиісінше рәсімделген және толық көлемде ұсынылған деп танылған болса, Комиссия Субсидия беру туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы Қаржы ұйымын хабардар етеді.

Комиссия Қаржы ұйымының мекенжайында Субсидия беру туралы қабылданған шешім туралы хабарлама тіркелген күннен бастап 8 жұмыс күні ішінде Өтініште көрсетілген мөлшерде мәлімделген кезең үшін Субсидия төлемін жүргізеді.

3.5. Субсидия беруді тоқтату тұру және Комиссияның ақша қаражатын аударуды тоқтату үшін:

3.5.1. Қаржы ұйымының Кооперациялық жобаны іріктеу критерийлеріне сәйкес еместігі туралы хабардар ету;

3.5.2. Қаржы ұйымының қарыз алушының (кредит алушының) кредиттік шарт бойынша қаржылық міндеттемелерді орындауы және Кооперациялық жобаның іріктеу критерийлеріне сәйкестігіне қатысты талаптарды сақтауы туралы есептерді Ереженің 36-тармағында белгіленген мерзімдерде ұсынбауы;

3.5.3. Қаржы ұйымын Кооперациялық жобаға қатысуды тоқтату және Қаржы ұйымын ауыстыру қажеттілігі туралы хабардар ету;

3.5.4. Қаржы ұйымының Ереженің 7-тармағының "б" және "е" тармақшаларында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуі негіз болып табылады.

IV. Тараптардың өзара іс-қимылы

4.1. Комиссия:

4.1.1. осы Келісімнің III бөліміне сәйкес Субсидия беруді қамтамасыз етуге;

4.1.2. Ережеге сәйкес Қаржы ұйымы ұсынған Өтінішті және құжаттарды олар Комиссияға келіп түскен сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде тексеруді жүзеге асыруға;

4.1.3. осы Келісімнің 3.3-тармағына сәйкес осы Келісімнің VII бөлімінде көрсетілген Қаржы ұйымының шотына Субсидияны аударуды қамтамасыз етуге;

4.1.4. Ереженің 9-тармағының "е" тармақшасында және 36-тармағында көрсетілген Кооперациялық жобаны іске асыру барысы туралы тоқсан сайынғы (жыл сайынғы) есептер негізінде Кооперациялық жобаны іске асыру мониторингін жүзеге асыруға;

4.1.5. Комиссия Қаржы ұйымының осы Келісімде белгіленген міндеттемелерді орындамауы фактісін анықтаған жағдайда осы факті анықталған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде бұл туралы Қаржы ұйымын хабардар етуге;

4.1.6. Комиссия:

- Субсидия беруді тоқтата тұру туралы;

- Субсидия беруді қайта бастау туралы шешім қабылдаған күнге дейін 5 жұмыс күні ішінде Қаржы ұйымын хабардар етуге;

4.1.7. Қаржы ұйымы осы Келісімнің 3.5.2-тармағында көрсетілген бұзушылықты жойған жағдайда Комиссия Кеңесі Субсидия беруді тоқтата тұру туралы шешім қабылдағанға дейін Комиссия Қаржы ұйымына Субсидияны аударуды қайта бастауға;

4.1.8. Комиссия Кеңесі Субсидия беруді тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде Қаржы ұйымын осы Келісімді бұзу және осы Келісім бұзылған күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде Қаржы ұйымының Кооперациялық жоба бойынша нақты төленген Субсидия сомасының 100 пайызы мөлшерінде ақшалай қаражатты қайтаруы туралы хабардар етуге;

4.1.9. Қаржы ұйымы жіберген ұсыныстарды, құжаттарды және өзге ақпаратты, оның ішінде осы Келісімнің 4.4.1-тармағына сәйкес оларды алған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде қарауға және Қаржы ұйымын қабылданған шешім туралы хабардар етуге;

4.1.10. осы Келісімнің 4.4.2-тармағына сәйкес Қаржы ұйымы өтінішті алған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде Қаржы ұйымына осы Келісімді орындауға байланысты мәселелер бойынша түсіндірмені жіберуге;

4.1.11. Ережеде көзделген өзге міндеттемелерді орындауға міндеттеледі.

4.2. Комиссия:

4.2.1. Ережеге және Комиссия Кеңесінің шешімдеріне сәйкес осы Келісімнің шарттарын өзгерту туралы шешім қабылдауға;

4.2.2. Қаржы ұйымынан Ережеде және осы Келісімде белгіленген Субсидия беру тәртібі мен шарттарын Қаржы ұйымының сақтауын бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті, Ереженің 34 және 36-тармақтарында көзделген құжаттар мен ақпаратты сұратуға;

4.2.3. Комиссия Кеңесі Субсидия беруді қайта бастау туралы шешім қабылдағанға дейін Ереженің 46-тармағына сәйкес:

- Қаржы ұйымын Кооперациялық жобаның іріктеу критерийлеріне сәйкес келмеуі және осы мәселені шешу қажеттілігі туралы хабардар ету;

- Қаржы ұйымының қарыз алушының (кредит алушының) кредиттік шарт бойынша қаржылық міндеттемелерді орындауы және Кооперациялық жобаның іріктеу критерийлеріне сәйкестігіне қатысты талаптарды сақтауы туралы Ереженің 36-тармағында белгіленген мерзімдерде ұсынбауы;

- Қаржы ұйымын Кооперациялық жобаға қатысуды тоқтату және қарды ұйымын ауыстыру қажеттілігі туралы хабардар ету;

- Қаржы ұйымының Ереженің 7-тармағының "б" және "е" тармақшаларында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуі негізде ақша қаражатын аударуды тоқтатуға құқылы.

4.3. Қаржы ұйымы:

4.3.1. Комиссияға осы Келісімнің 3.2-тармағында және Ереженің 34-тармағында көзделген құжаттарды жіберуге;

4.3.2. Қаржы ұйымының уәкілетті тұлғасы (көрсетілген тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттарды ұсына отырып) қол қойған есептерді (осы Келісімге № 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-ші жұмыс күнінен кешіктірмей:

4.3.2.1. қарыз алушының (кредит алушының) кредиттік шарт бойынша қаржылық міндеттемелерді орындауы туралы есепті;

4.3.2.2. Кооперациялық жобаның іске асырылу барысы туралы есепті (есепті жылдың басынан бастап өспелі қорытындымен жасалады);

4.3.2.3. Кооперациялық жобаның іріктеу критерийлеріне сәйкестігіне қатысты талаптардың сақталуы туралы, оның ішінде Комиссия Кеңесінің жобаны мақұлдау туралы шешіміне қоса берілетін Кооперациялық жоба паспортында көрсетілген ЕАЭО мүше мемлекеттері өндірушілерінің қатысуын қамтамасыз ету туралы есепті;

4.3.3. жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей Комиссияға Қаржы ұйымының уәкілетті тұлғасы (көрсетілген тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттарды ұсына отырып) қол қойған есептерді (осы Келісімге № 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша):

4.3.3.1. қарыз алушының (кредит алушының) кредиттік шарт бойынша қаржылық міндеттемелерді орындауы туралы есепті;

4.3.3.2. Кооперациялық жобаның іске асырылу барысы туралы есепті (есепті жылдың басынан бастап өспелі қорытындымен жасалады);

4.3.3.3. Кооперациялық жобаның іріктеу критерийлеріне сәйкестігіне қатысты талаптардың сақталуы туралы есепті Комиссияға ұсынуға;

4.3.4. Қаржы ұйымының уәкілетті тұлғасы (көрсетілген тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттарды ұсына отырып) қол қойған Кооперациялық жобаны іске асыру туралы қорытынды есепті (Келісімге № 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша) Кооперациялық жоба аяқталған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен аспайтын мерзімде Комиссияға ұсынуға.

4.3.5. Ереженің 27-тармағының "б" тармақшасына сәйкес Кооперациялық жобаның іріктеу критерийлеріне сәйкестігінің сақталуына мониторингті қамтамасыз етуге;

4.3.6. Ереженің 27-тармағының "д" тармақшасына сәйкес қарыз алушының (кредит алушының), оның ішінде Кооперациялық жобаны сүйемелдеу механизмін қолдананумен ақша қаражатын нысаналы пайдалануына мониторингті (бақылауды) жүзеге асыруға;

4.3.7. 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 22-бабына сәйкес мүше мемлекеттердің мемлекеттік қаржылық бақылау органдары жүргізетін сыртқы аудитті (бақылауды) жүзеге асыру үшін Комиссияның сұрау салуы бойынша қарыз алушының (кредит алушының) қаржыландыруды нысаналы пайдалануын және Кооперациялық жобаның іріктеу критерийлеріне сәйкестігін растайтын құжаттарды 15 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ұсынуға;

4.3.8. Келісімнің 4.3.2. – 4.3.4-тармақтарында көзделген, Субсидия беру тәртібі мен талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті есептерді жіберуге;

4.3.9. осы Келісімнің 4.1.8-тармағына сәйкес Комиссиядан хабарлама алған жағдайда көрсетілген хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде Кооперациялық жоба бойынша нақты төленген субсидия сомасының 100 пайызы мөлшерінде Одақ бюджетіне қайтаруға;

4.3.10. осы Келісімге сәйкес Комиссияға ұсынылатын мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етуге;

4.3.11. Одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасына және Ережеге сәйкес мынадай міндеттемелерді орындауға:

- қарыз алушының (кредит алушының) осы Келісімде және Ережеде көзделген талаптарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асыруға;

- осы Келісім бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында жасалатын кредиттік шартқа (келісімге) Ереженің V бөлімінде көзделген ережелерді қосуға;

4.3.12. Комиссия Кеңесі Субсидия беруді тоқтата тұру туралы шешім қабылдаған күннен бастап 6 ай ішінде анықталған бұзушылықтарды жоюға міндеттеледі.

4.4. Қаржы ұйымы:

4.4.1. Комиссияға Ереженің 24-тармағына сәйкес Келісімге өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар жіберуге;

4.4.2. осы Келісімді орындауға байланысты түсіндірмелерді алу мақсатында Комиссияға жүгінуге;

4.4.3. Комиссияға, оның ішінде Кооперациялық жобаны іске асыру барысында қарыз алушының Ереженің 25 және 26-тармақтарына сәйкес Кооперациялық жобаның паспортына өзгерістер енгізу туралы дәлелді өтініш беруіне;

4.4.4. Ережеге сәйкес өзге құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

V. Тараптардың жауапкершілігі, дауды қарау тәртібі мен орны

5.1. Қаржы ұйымы Келісімнің 4.3.5 – 4.3.8 және 4.3.10-тармақтарында көзделген міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Ереженің 48 және 49-тармақтарында көрсетілген негіздер болған кезде, сондай-ақ Ережеде көзделген өзге негіздер болған кезде Қаржы ұйымы Ереженің 50-тармағында айқындалған тәртіпке сәйкес Кооперациялық жоба бойынша нақты төленген Субсидия сомасысының 100 пайызы мөлшерінде ақшалай қаражатты Келісімде көзделген тәртіпте және мерзімде осы Келісімнің VII бөлімінде көрсетілген Комиссия шотына көрсетілген ақшалай қаражатты аудару арқылы Одақ бюджетіне қайтарады.

5.2. Осы Келісімді орындауға байланысты Тараптар арасында туындайтын дауларды олар, мүмкіндігінше, тиісті хаттамаларды немесе өзге құжаттарды рәсімдеумен келіссөздер жүргізу арқылы шешеді.

5.3. Дауларды Келісімде көзделген тәртіпте реттеу мүмкін болмаған жағдайда дауды шешу Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес Мәскеу қаласының Төрелік сотында сот тәртібінде жүзеге асырылады.

5.4. Қаржы ұйымы Ережеге сәйкес Комиссияға ұсынылатын мәліметтердің дұрыстығына жауапкершілік алады.

VI. Қорытынды ережелер

6.1. Осы Келісімді, оның ішінде осы Келісімнің 4.2.1-тармағының ережелеріне сәйкес өзгерту Тараптардың келісуі бойынша жүзеге асырылады және осы Келісімге қосымша келісім түрінде рәсімделеді.

6.2. Осы Келісімді бұзу Тараптардың келісуі бойынша немесе осы Келісімнің 6.3-тармағында айқындалған жағдайларда біржақты тәртіппен жүзеге асырылады.

6.3. Осы Келісім мынадай:

6.3.1. Қаржы ұйымы қайта ұйымдастырылған, таратылған немесе қызметін тоқтатқан;

6.3.2. Қаржы ұйымы Ережеде және осы Келісімде белгіленген Субсидия беру тәртібі мен талаптарын бұзған жағдайларда, сондай-ақ Комиссия Кеңесінің шешімі бойынша біржақты тәртіппен бұзылуы ықтимал

6.4. Осы Келісімді Қаржы ұйымының біржақты тәртіппен бұзуына жол берілмейді.

6.5. Осы Келісімде көзделген құжаттар мен өзге ақпаратты Тараптар:

6.5.1. жазбаша түрде қағаз тасымалдағышта және/немесе электрондық файл нысанында электрондық тасымалдағышта Тараптардың бірінің уәкілетті тұлғасына (тұлғаларына) шифрлауды қолданумен оның тұтастығын бұзбай құжаттардың немесе электрондық тасымалдағыштардың мазмұнын қарауды болдырмайтын қаптамада төмендегі мекенжай(-лар) бойынша: _____, _____ (уәкілетті тұлға) назарына немесе Тарап XXXXXXXXXX мекенжай(-лар)ы бойынша жіберген хабарламада көрсетілген өзге мекенжай(-лар) бойынша қолдан-қолға не курьер арқылы.

Құжаттарды беру кезінде Тараптар берілетін ақпараттың тізбесі мен оны беру тасымалдағышы міндетті түрде көрсетілетін акт жасауға және оған қол қоюға міндетті.

6.5.2. _____ (уәкілетті тұлға(-лар) назарына шифрлауды пайдалана отырып _____ e-mail-ға жіберілген электрондық хабар нысанында жібереді.

6.6. Келісім 3 данада жасалады. Бір данасы – Қаржы ұйымына, екі данасы – Комиссияға.

6.7. Осы Келісімге:

6.7.1. Субсидияны аудару жоспар-кестесі (№ 1 қосымша);

6.7.2. Қарыз алушының (кредит алушының) кредиттік шарт бойынша қаржылық міндеттемелерді орындауы туралы, Кооперациялық жобаны іске асыру барысы және Кооперациялық жобаның іріктеу критерийлеріне сәйкестігіне қатысты талаптардың сақталуы туралы есептер нысандары (№ 2 қосымша);

6.7.3. Өтініш нысаны (№ 3 қосымша);

6.7.4. Мәлімделген кезең үшін кооперациялық жоба бойынша субсидия мөлшерін есептеу тәртібі (№ 4 қосымша) қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады

VII. Тараптардың деректемелері және қолтаңбалары

Еуразиялық экономикалық комиссия "Совкомбанк"
Жария акционерлік қоғамы

Еуразиялық экономикалық
одақ бюджетінен
"Совкомбанк" жария
акционерлік қоғамына
кооперациялық жобаны
іске асыруға берілген
кредит бойынша толық
алмаған кірістерді өтеуге

Субсидияны аудару жоспар-кестесі

Субсидия берілетін жыл	Субсидияны аудару кезеңі	Сомасы (Ресей рублі)
2025 ж.	2025 1-тоқсаны	1 294 520, 55
	2025 2-тоқсаны	8 687 039,55
	2025 3-тоқсаны	23 895 611,20
	2025 4-тоқсаны	36 330 915,88
2025 ж. үшін жиыны:	-	70 208 087,18
2026 ж.	2026 1-тоқсаны	46 077 682,18
	2026 2-тоқсаны	57 383 403,30
	2026 3-тоқсаны	66 803 796,16
	2026 4-тоқсаны	69 508 596,17
2026 ж. үшін жиыны:	-	239 773 477,81
2027 ж.	2027 1-тоқсаны	69 178 142,47
	2027 2-тоқсаны	67 850 481,14
	2027 3-тоқсаны	62 190 451,31
	2027 4-тоқсаны	55 691 898,53
2027 ж. үшін жиыны:	-	254 910 973,45
2028 ж.	2028 1-тоқсаны	48 571 135,77
	2028 2-тоқсаны	42 299 396,57
	2028 3-тоқсаны	36 376 087,34
	2028 4-тоқсаны	29 895 290,16
2028 ж. үшін жиыны:	-	157 141 909,84
2029 ж.	2029 1-тоқсаны	22 989 503,92
	2029 2-тоқсаны	16 980 089,51
	2029 3-тоқсаны	10 761 044,39
	2029 4-тоқсаны	4 262 491,59
2029 ж. үшін жиыны:	-	54 993 129,41

Еуразиялық экономикалық
одақ бюджетінен
"Совкомбанк" жария
акционерлік қоғамына
кооперациялық жобаны
іске асыруға берілген
кредит бойынша толық
алмаған кірістерді өтеуге
субсидия беру туралы келісімге
№ 2 ҚОСЫМША

Қарыз алушының (кредит алушының) кредиттік шарт бойынша қаржылық міндеттемелерді орындауы туралы, Кооперациялық жобаны іске асыру барысы және Кооперациялық

жобаның іріктеу критерийлеріне сәйкестігіне қатысты талаптардың сақталуы туралы есептер НЫСАНДАРЫ

(нысан)
(_____ бастап _____ дейін) кезең үшін
қарыз алушының кредиттік шарт бойынша
қаржылық міндеттемелерді орындауы туралы
ЕСЕП
_____ (қарыз алушының (кредит алушының) атауы) _____
№_____ кредиттік шарт бойынша _____ қаржылық міндеттемелерді
орындауы:

- толық көлемде орындалды / толық көлемде орындалмады (өтеу мерзімі өткен несиелік берешек және төлемнің (айыппұлдың, өсімақының %-ы көрсетіледі).

қаржы ұйымының атауы	уәкілетті тұлғаның қолы	қолтаңбаның толық жазылуы	лауазымы	осы құжатқа қол қою өкілеттігін куәландыратын құжаттың №, күні және атауы (егер қол қоюшы жекеше атқарушы орган емес болып табылса)
----------------------	-------------------------	---------------------------	----------	--

- МО
" __ " _____ 20__ ж.
(нысан)
(_____ бастап _____ дейін) кезең үшін
Кооперациялық жобаны іске асыру барысы және
Кооперациялық жобаның іріктеу критерийлеріне
сәйкестігіне қатысты талаптардың сақталуы туралы
ЕСЕП
1. Қарыз алушы (атауы, заңды мекенжайы):

2. Кооперациялық жобаның толық атауы және оның қысқаша сипаттамасы (өзгерістер болғанын немесе өзгеріссіз екенін көрсету):

3. Кооперациялық жобаны іске асыру орны (өзгерістер болғанын немесе өзгеріссіз екенін көрсету):

4. Кооперациялық жобаға қатысушылар саны және олар туралы мәліметтер (өзгерістер болғанын немесе өзгеріссіз екенін көрсету):

5. Кооперациялық жоба бойынша әрбір қатысушы үшін кооперациялық ынтымақтастықтың түрлері:

☐

өндірілетін өнімнің __ % құрайтын материалдарды, құрамдас бөліктерді _____ Ресей рублі көлемінде жеткізу (өндіруші және жеткізілетін материал мен құрамдас бөліктердің атауы көрсетіледі):

Ел (жеткізуші резиденті болып табылатын ел көрсетіледі)	Жеткізуші	Жеткізу туралы құжат (шарт, келісім, келісімшарт)	Тауардың атауы / Шығу тегі туралы сертификат	Шарт бойынша жеткізудің шекті көлемі, руб.	Жеткізудің нақты көлемі

☐

кооперациялық жобаны іске асыруға мүлктік жарна енгізу - __ кооперациялық жоба құнының __ %-ы (көлемі Ресей рублімен);

☐

кооперациялық жоба құнының __ % құрайтын технологиялық жабдықты немесе бағдарламалық қамтамасыз етуді _____ Ресей рублі көлемінде жеткізу (өндіруші және жеткізілетін технологиялық жабдықтың атауы көрсетіледі):

Ел (жеткізуші резиденті болып табылатын ел көрсетіледі)	Жеткізуші	Жеткізу туралы құжат (шарт, келісім, келісімшарт)	Тауардың атауы / Шығу тегі туралы сертификат	Шарт бойынша жеткізудің шекті көлемі, руб.	Жеткізудің нақты көлемі

☐

инжинирингтік және құрылыс қызметтерін көрсету - кооперациялық жоба құнының __ %-ы (көрсетілетін қызметтер құны Ресей рублімен, көрсетілетін қызметтер тізбесі).

1. Кооперациялық жоба шеңберінде өндірілетін өнім Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) кедендік аумағынан шығарылатын болып есептеледі:

☐

иә (өнім және алынған СТ-1 немесе ЕЭК Кеңесінің 23.11.2020 жылғы № 150 шешіміне сәйкестігі көрсетіледі);

☐

жоқ.

2. Кооперациялық жобаны іске асыру кезінде қамтамасыз етіледі:

☐

жаңа бірлескен өнеркәсіп өндірістерін құру, қолданыстағы өндірістік қуаттарды ұлғайту, өндірісті технологиялық қайта жарақтандыру және (немесе) жаңғырту, жаңа жұмыс орындарын құру – (жетістікті көлемде/бірлікте сипаттау);



өнімді жеткізудің өндірістік тізбегі шеңберінде қосылған құнды қалыптастыру - (жетістікті көлемде сипаттау);



кооперациялық жобалар шеңберінде өндірілген өнімдердің Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерге экспортын ұлғайту - (жоба паспорты бойынша және нақты деректерді көрсету, жетістікті көлемде сипаттау);



өзара сауда және өзара инвестициялар көлемін ұлғайту - (жоба паспорты бойынша және нақты деректерді көрсету, жетістікті көлемде сипаттау).

3. Кооперациялық жобаны іске асыру мерзімі – (өтініштен мерзімі, сондай-ақ жобаның кесте бойынша іске асырылуы (іске асырылған сатылары көрсетіледі)/іске асыруда жылжудың болуы, қандай мерзімге екені көрсетіледі, негізгі құжаттарды қоса берумен жылжу себебін көрсету);

4. Жобаны қаржыландырудың жалпы құны және құрылымы:

инвестициялардың қажетті көлемі (кредиттік шарттың валютасы):

- кооперациялық жобаның құны - _____ млн.руб., оның ішінде банк берген несие қаражаты - _____ млн.руб.;

- бірлескен инвестордың болуы:



иә;



жоқ.

5. Кооперациялық жобаның іріктеу критерийлеріне сәйкестігіне қатысты талаптардың сақталуы:

Кооперациялық жобаны 3 және одан көп мүше мемлекеттің кооперациялық жобаға қатысушылары іске асырады. Кооперациялық жобаны іске асыруға қатысу (оның ішінде бірлескен кәсіпорын құру арқылы)	Сәйкес келеді / Сәйкес келмейді Қатысушылар саны – кемінде 3: (қатысушылар көрсетіледі)
	Сәйкес келеді / Сәйкес келмейді (ынтымақтастықтың қажетті түрлері көрсетіледі) - Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттен өнімнің түпкілікті өндірісінде

Кооперациялық жоба кооперациялық жобаға қатысушы ынтымақтастықтың келесі түрлерінің бірінің орындалуын растаған жағдайда жүзеге асырылады				
пайдалану үшін кемінде 5 пайыз мөлшерінде материалдар және (немесе) жинақтауыштар жеткізу; - кооперациялық жоба құнының кемінде 5 пайызы сомасына технологиялық жабдықты (қосалқы бөлшектер мен жинақтауыштарды) немесе бағдарламалық қамтамасыз етуді жеткізу; - кооперациялық жобаны іске асыруға оның құнының кемінде 10 пайызы мөлшерінде мүліктік жарна енгізу.				
Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 23 қарашадағы № 105 шешімімен немесе Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы Тауарлардың шығарылған елін айқындау қағидалары туралы 2009 жылғы 20 қарашадағы келісіммен бекітілген мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу мақсаттары үшін тауарлардың жекелеген түрлерінің шығарылған елін айқындау қағидаларына сәйкес кооперациялық жоба шеңберінде өндірілетін өнім Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттен шыққан деп танылады				
Сәйкес келеді / Сәйкес келмейді (СТ-1 немесе ЕЭК Кеңесінің 23.11.2020 жылғы № 105 шешіміне сәйкестігі көрсетіледі)				
При реализации кооперационного проекта обеспечивается достижение следующих результатов (одного или нескольких)				
Сәйкес келеді / Сәйкес келмейді (қол жеткізілген нәтижелер көрсетіледі) - жаңа бірлескен өнеркәсіп өндірістерін құру, қолданыстағы өндірістік қуаттарды ұлғайту, өндірісті технологиялық қайта жаратқандыру және (немесе) жаңғырту, жаңа жұмыс орындарын құру; - үшінші елдерге өнім экспортын кемінде ____ млн Ресей рубліне баламалы сомада ұлғайту; - Еуразиялық экономикалық одақтағы өзара сауда және өзара инвестициялар көлемінің кемінде ____ млн Ресей рубліне баламалы сомада ұлғаюы.				
Срок реализации кооперационного проекта не более 5 лет				
Сәйкес келеді / Сәйкес келмейді (басталу және аяқталу күні көрсетіледі)				
қаржы ұйымының атауы	уәкілетті тұлғаның қолы	қолтаңбаның толық жазылуы	лауазымы	осы құжатқа қол қою өкілеттігін куәландыратын құжаттың №, күні және атауы (егер қол қоюшы жекеше атқарушы орган емес болып табылса)

МО

" ____ " _____ 20__ ж.

Еуразиялық экономикалық
одақ бюджетінен
"Совкомбанк" жария
акционерлік қоғамына
кооперациялық жобаны
іске асыруға берілген

Субсидия беру туралы өтініш нысаны

(нысан)

Субсидия беру туралы өтініш				
Келісімнің деректемелері			№	
			күні	
Қарыз алушының қаржыландыру валютасында төлеген пайыздары сомасы Пайыздық кезең			сомасы цифрмен және жазбаша	
Кредит шартының талаптары бойынша пайыздарды төлеу күні			күні	
Қарыз алушының пайыздарды нақты төлеген күні			күні	
Жеңілдікті пайыздық мөлшерлеме, жылдық %			%	
Субсидияланатын мөлшерлеме			%	
Субсидия сомасы, рубль			сомасы цифрмен және жазбаша	
қаржы ұйымының атауы	уәкілетті тұлғаның қолы	қолтаңбаның толық жазылуы	лауазымы	осы құжатқа қол қою өкілеттігін куәландыратын құжаттың №, күні және атауы (егер қол қоюшы жекеше атқарушы орган емес болып табылса)

МО

" " _____ 20__ ж.

Еуразиялық экономикалық
одақ бюджетінен
"Совкомбанк" жария
акционерлік қоғамына
кооперациялық жобаны
іске асыруға берілген
кредит бойынша толық
алмаған кірістерді өтеуге
субсидия беру туралы келісімге
№ 4 ҚОСЫМША

Мәлімделген кезең үшін кооперациялық жоба бойынша субсидия мөлшерін есептеу тәртібі

Мәлімделген кезең үшін кооперациялық жоба (С) бойынша субсидияның мөлшері мына формула бойынша есептеледі:

$$C = D_{\Phi} \times (C_C / C_{\%}),$$

мұндағы:

D_{Φ} – қарыз алушының кредит қаражатын пайдалануының мәлімделген кезеңінде қарыз алушы (кредит алушы) үшін жеңілдетілген пайыздық мөлшерлемені негізге ала отырып Ресей рублінде есептелген қаржы ұйымы табысының (пайыздық төлемдердің) нақты сомасы;

C_C – Ресей Федерациясы Ұлттық банкінің негізгі мөлшерлемесі мөлшерінде айқындалған және Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің кооперациялық жобаны мақұлдау және қаржы ұйымына субсидия беру туралы 20__ жылғы _____ №_____ шешімінде белгіленген субсидияланатын мөлшерлеме;

$C_{\%}$ – қаржы ұйымының кірісі есептелетін жеңілдетілген пайыздық мөлшерлеменің мөлшері.